

«Бекітемін»

Мектеп директоры:



Handwritten signature of E. Akshalov

Е.Ақшалов

Түзету-дамытушылық жұмыс

Тақырыбы: Мен таңдаған мамандық

Педагог-психолог: Айғараева К

Қызылорда қаласы

Сыныбы: 9

Тақырыбы: Мен таңдаған мамандық

Максаты: Оқушыларға мамандық таңдау жайлы ақпарат беру, өзіндік пікірін тыңдау, ойын еркін айтуға баулу.

Түрі: тренинг сабақ

Тренинг ережелері:

1. Сыйластық.
2. Тыңдай білу.
3. Сөзді бөлмеу.
4. Белсенділік таныту.
5. Шығармашылық.
6. Төзімділік.
7. Түсіністік қарым-қатынас.

I тапсырма.

«Ұйқыдағы қала» (жоба қорғау).

Нұсқау: Оқушылар мамандықтар әлемі туралы түсінік беріп, мамандық типтері бойынша жоба қорғап, қаланы қозғалысқа түсіру керек.

II тапсырма.

«Келісемін, келіспеймін, дәлелде»

Нұсқау: Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар өзі келісетін, келіспейтін тұжырымдарды тандап алып, пікірлерін ортаға салады

1. Мамандық бір-ақ рет және біржола таңдалады.
2. Мамандық таңдау қалтаның қалыңдығына байланысты.
3. Мамандық таңдау адамның қабілетіне, бейімділігіне тікелей байланысты.
4. Отбасы мен достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады.
5. Қартайғанда да мамандық таңдауға болады.

6. Таңдаған мамандығыңды игеруге мектептегі пәндердің қайсысы қажет екендігін білесің бе?

V тапсырма.

Мамандықты тап. (ойын).

Нұсқау: Сабакқа қатысушылар мамандық иелерінің кескін-келбетін ым-ишарамен рөлге ене отырып, көрсетуі керек.

VI. «Есінде жүрген жөн болар...» Психологиялық кеңес айдары.

1. Мектептегі оқу пәндері нақты мамандық емес. Пәнге деген қызығушылық оған байланысты жұмыстың ұнайтынын білдірмейді. Қалаған мамандықтың мазмұнына көңіл аудару.

2. “Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды” деген қорытынды жасауға болмайды.

3. Мамандықтың мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы туралы сұрақтарға жауап бере алғанда ғана сенің таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек. Сән қуып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Оқуды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы мүмкін.

4. Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шет тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игерген аса пайдалы. Заманның ағымына қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы меңгерген мамандық болу керек.

5. Мүмкіндігінше таңдаған мамандығыңның өзіңнің денсаулық жағдайыңа сәйкес келетіндігін ескеру қажет.

Жаттағу: « Жүректен жүрекке »

Нұсқау: Көршісінің бір жақсы қасиетін айтып, көршісіне тілек айту

Кері байланыс: Бүгінгі тренингтен не алдым?



Мен таңдаған мамандық





Стреспен қалай күресуге болады?



Хаттама

2025 жылдың 21 мамыр күні 9 сынып оқушылары арасында мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау мақсатында тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренинг барысында «Ұйқыдағы қала» жоба қорғау, «Келісемін, келіспеймін, дәлелде...» сұрақ- жауап, пікір-талас айдары, «Бұл қандай мамандық» ойын, «Таңдаған мамандығың туралы білесің бе?», «Мамандықты тап» ойын, «Есімде жүргені жөн болар» психологиялық кеңес және жаттығулары жасалды.

Оқушылардың көңіл күйлері жақсы болды. Белсенді қатысты.



Кеңес: Мамандық таңдауда өзіңнің бейімділігіңе, икемділік және біліміңе назар аудар. Ата-анаңмен ақылдас. Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шет тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игерген аса пайдалы. Заманның ағымына қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы меңгерген мамандық болу керек.

Қорытынды: Оқушылар белсенді қатысты. Бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы. Ашық, еркін сөйлейді. Еркін қарым-қатынаста. Мамандық таңдауда өзіндік ойы қалыптасқан.

Педагог-психолог:  Айғараева К